


Түркістан облысы Сайрам ауданы білім бөлімінің
«№2 Сайрам бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны



Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет:
Тақырыбы:

Ойын сиқыры



Дайындаған педагог-психолог:
Кадирбаева Рахима Алимхановна

2024 - 2025 оқу жылы

Заман ілгерілеп, жаңаша көзқарастардың дамуы педагогтерге, «мейлінше ашық балаларды жан-жақты дамытып, ынталандыру үшін қандай жаңаша әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?», деген сұраққа жауап іздеуді талап етуде.

Сондықтанда әртүрлі топ балаларымен жиі-жиі психологиялық жұмыстар жүргіземін. Психологиялық жұмыстарды жүргізу барысында көбіне балаларды бақылап, қазіргі өзекті мәселелерін талқылауға тырысамын, заман талабына сай жаңаша әдіс-тәсілдерді, ресурстарды пайдаланамын.

Өз тәжірибеме сүйене отырып, «Ойын сиқыры» өзімнің бірнеше ойындарымды ұсынамын.

Ойындар балалардың бірнеше дағдыларын (коммуникативті, танымдық, шығармашылық, зерттеу, әлеуметтік-эмоционалды, физикалық даму) дамытуға бағытталған және жас ерекшелігін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді қоса алғанда психологиялық ойындар жинағы аса қатты жүктемені (нагрузка) қажет етпейді.

I. Топтағы психологиялық ахуалды (психологический настрой) жақсарту.

- Балалармен амандасу;
- «Додекаэдр» әдісі;

«Додекаэдр» әдісі арқылы топта психологиялық ахуал орнатып аламыз.

Мақсаты: Балалардың эмоционалды көңіл-күйін бақылау.

Барысы: Балалар дөңгелене тұрады. Бірінші балаға «додекаэдр» дөңгелекшесін беремін. Мұндағы дөңгелек бөлшектеріне топ балаларының психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында суреттер жабыстырдым. Балалар дөңгелек додекаэдрді жанындағы досына лақтырғанда, досы қай сурет түскеніне қарап, сол суреттегі іс-қимылды жасап көрсетеді. *Мысалы:* «Көршіңмен амандас», «қол түйістір», «қол шапалақта», «бірге ән сал» деген сияқты тағы да басқа суреттер болады.



II Түзету-дамыту жұмыстарына арналған ойындар.

1). «Орнын тап!» ойыны

Барысы: Баланың алдына жемістердің орны белгіленген магнитті қарындашы бар тақтайша қойылады. Балалар сол магнитті қарындаштың көмегімен, жемістерді өз орындарына орналастырады, атауын, түрін-түсін, дәмін, формасын, атайды.

Ойынның мақсаты: Баланың өз бетімен іс-әрекетін, шапшаңдығын, ойлау қабілеті мен есте сақтауын дамыту.

Қолданылатын құрал-жабдықтар (ресурстар): магнитті қарындаш, магнитті тақтайша және магнитті жемістер.



2). «Көңілді шарлар» ойыны.

Барысы: Суретте бейнеленген үлгіге қарап, балалар ұсақ түрлі-түсті шарларды шыны түтікше ішіне орналастыруы қажет.

Мақсаты: Баланың қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, өз-өзіне сенімділігін арттыру және қорқынышын сейілту. Түстерді ажырата алуға, зейінін, ес процестерін дамыту, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Қолданылатын құрал-жабдықтар (ресурстар): түрлі-түсті ұсақ шарлар, шыны түтікше, пластик ыдыс, қысқыш краб.



3). «Түрлі-түсті көңілді шарлар» ойыны.

Барысы: Қолғап (перчатка) тәріздес мөлдір кленкада (клеенка прозрачная) көрсетілген үлгідегі ұсақ шарларға (шарик) қарап, қалған шарларын түстеріне сәйкес топтастыру.

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту, түстерді ажырата алуға, зейінін тұрақтандыру, есте сақтау қабілетін жақсарту;

Қолданылатын құрал-жабдықтар(ресурстар): түрлі-түсті ұсақ шарлар, Қолғап (перчатка) тәріздес мөлдір кленка (клеенка прозрачная)



III Нейро жаттығулар:

4).«Шатастырылған сызықтар» жаттығуы.

Барысы: Баланың алдында шатастырылған сызықтар сызылған және де қолына тікеншелері бар кішкене доп беріледі. Сол тікеншелі доп арқылы бала шатастырылған сызықтарды шатаспай, сызып шығуы тиіс.

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту, зейінін тұрақтандыру, танымдық қабілетін арттыру.

Қолданылатын құрал-жабдықтар(ресурстар): тікеншелі кішкене доп, шатастырыл -ған сызықтары бар плакат.



5).«Сәлем, Сау бол!» жаттығуы.

Барысы: Баланың алдында суретте көрсетілгендей «Сәлем!» және «Сау бол!» деген сурет белгілері бар кілемше (дорожка) төселеді. Бала сол суреттегі белгілерді (бес саусак, аяқ іздері) белгілеу арқылы кілемшеде шатаспай жүріп өтуі тиіс.

Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту, зейінін тұрақтандыру, физикалық дамуын бақылау. Жас ерекшелігін ескеру!

Қолданылатын құрал-жабдықтар (ресурстар): «Сәлем!», «Сау бол!» белгілері бар кілемше (дорожка).



Білім деңгейі артқан, шығармшылық стилі қалыптасқан, танымдық қабілеті жоғары ұрпақтар қалыптастыру бүгінгі заманның талабы. Ойымды түйіндей келе, тәжірибе көрсеткендей, Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ іс. Олар тәжірибеде сынала келе нәтижеге ие болады. Сондықтан баланың жан-жақты дамуына, тәрбие мәселесіне балабақша өмірінде ешқандай маусымды, үзілісті таңдамайды. Сондықтан да әр баланың жан-дүниесіне үңіле отырып, болмысын аша білуіміз керек!







